

**2024-2025 оқу жылында «Теміртау қаласының №2 ЖББМ»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің №1 педагогикалық кеңес  
хаттамасынан**

**КӨШІРМЕ**

**28.08.2024ж.**

**Күн тәртібінде:**

1.2024-2025 оқу жылында №2 ЖББМ-де оқушыларды ыстық тамақпен ұйымдастыру туралы.

**Тыңдалды: Бозаева А.К**

2021 жылдың қыркүйек айынан бері ЖК “Смольникова” мектеп асханасын жалға алып жұмыс істеп жатыр. 27.05.2024 күнімен №2705-01 Келісім-шарт жасалынды. Мектеп асханасы мен буфет аспазшыларын ЖК «Смольникова О.Н» басшылығы жұмысқа өздері қабылдайды. Аспазшылар дәрігерлік тексеруден өтуін, кәсіби біліктілігін айқындайтын арнайы құжаттармен анықталады. Ас блогындағы бейнебақылау жүйесі орнатылған. Аспаздардың тиісті біліктілігі бар. Материалдық-техникалық базасы мектеп асханаларының жабдықталуына қойылатын талаптарға сай. Мектептің тамақтандыру бойынша төлқұжаты бар. Әкімшілікпен бірлесе отырып, оқушыларды ыстық тамақпен қамту және әкімшілік пен мұғалімдер үшін асханадағы кезекшілік кестесі әзірленді. Қызметкерлер асхананың жұмыс істеуі үшін санитарлық-гигиеналық жағдайлардың сақталуын қамтамасыз етеді. Оқушылардың денсаулығын келісім бойынша медицина қызметкері бақылайды.

2024 жылы Жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен оқушыларды мектеп асханасынан тегін және жеңілдетілген ыстық тамақпен қамту мақсатында 15 тамыздан бастап құжат жинау жұмыстары жүргізілуде. Құжаттар жинау тәртібі Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығына "Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартына сәйкес E-bilimal электронды порталында мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алу құқығына ие болатын ата-аналардан кәзіргі таңда тек 4 құжат жасақталып қабылданды. Құжаттарды қабылдау жұмыстары жалғасуда. 2 қыркүйіктен бастап оқушыларды ыстық тамақпен ұйымдастыру бойынша бұйрықтар шығарылады. Бастауыш 1-4 сыныптар және құжат

тапсырған 5-11 сынып оқушылары 520 тенгеге күнделікті бір мезгіл тегін тамақпен қамтамасыз етіледі. Құжат жинақтау бойынша сынып жетекшілер және ата-аналармен жұмыс жүргізу жалғастырылуда.

Білім басқармасы бекіткен перспективалық маусымдық екі апталық мәзір бекітіліп берілді сол мәзір бойынша оқушылар тамақтанады. Instagram, Facebook, bilimal электронды порталы және Интернет-ресурста білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша ақпаратты жүйелі орналастыруды қамтамасыз ететін «Мектептік тамақтандыру» айдарын күнделікті уақытылы толтырылып отыру керек.

### **Шешімге ұсыныс:**

1. Бастауыш сынып оқушылары және «Жалпыға міндетті білім беру» қорының қаражаты есебінен жалпы білім беретін мектептерде халақтың әлеуметтік осал топтарынан 5-11 оқушыларына берілетін бір мезгіл ақысыз ыстық тамақпен қамтылсын. Ұйымдастыру, қадағалау және құжаттарды жүргізі А.К Бозаеваға жүктелсін
2. Интернет-ресурста білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша ақпаратты жүйелі түрде орналастыру информатика пәнінің мұғалімі Бекмуратов А.А және жауапты әкімшілік Бозаеваға А.К жүктелсін

**Төраға:**

**Хатшы:**



**Б.Резин**

**А.Оспанова**